

## **2000 жылғы қарашада, желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша төлемдерді өтеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 желтоқсан N 1911

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілер алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### **1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:**

1) 1991 жылғы 21 желтоқсандағы N И-811, 1993 жылғы 7 маусымдағы N 23-15/8347, 1994 жылғы 29 маусымдағы N Ф22-3/42, 1995 жылғы 24 наурыздағы N Ф22-3/3/4016, 1995 жылғы 9 тамыздағы N Ф22-3/11, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000001, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000002, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000003, 1996 жылғы 11 наурыздағы N 27-1-Г/3-96, 1996 жылғы 10 шілдедегі N 13, 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 001, 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 002, 1996 жылғы 2 қазандағы N 0000016, 1996 жылғы 19 қарашадағы N 0000019, 1997 жылғы 31 қазандағы N 0000028 Қазақстан Республикасы берген мемлекеттік кепілдіктерге және Әлембанк (бұрынғы - Қазсыртқыэкономбанк) ұсынған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федеральдық Қаржы министрлігінің арасындағы 1994 жылғы 19 желтоқсандағы Келісімге жасалған өзгеріске сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде 1, 2-қосымшаларда көрсетілген дәрменсіз заемшылар (бұдан әрі - заемшылар) үшін 2000 жылға арналған республикалық бюджетте "үкіметтік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты несиелендіру" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлемдер жүргізсін;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық-шаруашылық тексеру жүргізсін және оларды пайдалануды бұзу фактілері анықталған жағдайда, кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға тапсырсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңнамада K941000\_Z990464\_ белгіленген тәртіппен заемшылардың банкроттығы рәсіміне дейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерін орындамаған тұлғаларды азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікке тартуға шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі және "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) бөлінген қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қолдансын және қаржылық

міндеттемелері республикалық бюджеттің есебінен орындалған заемшыларға қатысты бөлінген мемлекеттік бюджеттік қаражатты қайтару жөнінде қолданылған шаралар мен олардың нәтижелілігі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 28 желтоқсандағы  
N 1911 қаулысына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес  
сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі алдағы төлемдердің  
Сомасы

---

| Заемшы ұйым | ! | Төлем    | ! | Төлем | ! | Төлем  |
|-------------|---|----------|---|-------|---|--------|
|             | ! | валютасы | ! | күні  | ! | сомасы |

---

Германия несие желісі

---

|                 |     |          |            |
|-----------------|-----|----------|------------|
| "Жылуприбор" АҚ | EUR | 01.12.00 | 875 304,44 |
|-----------------|-----|----------|------------|

---

|            |     |          |            |
|------------|-----|----------|------------|
| ҚР ИМ ҚАЖД | EUR | 01.12.00 | 738 099,43 |
|------------|-----|----------|------------|

---

|                                     |     |          |              |
|-------------------------------------|-----|----------|--------------|
| "Ақмола Жаңа Құрылыс. индустрия" АҚ | EUR | 30.12.00 | 2 575 774,91 |
|-------------------------------------|-----|----------|--------------|

---

|                    |    |          |            |
|--------------------|----|----------|------------|
| "Қазақтелеком" ААҚ | DM | 30.12.00 | 262 547,28 |
|--------------------|----|----------|------------|

---

Австрия несие желісі

|                                         |              |            |               |
|-----------------------------------------|--------------|------------|---------------|
| "Рахат" БК                              | USD          | 31.12.00   | 2 605 433,65  |
| АҚШ несие желісі                        |              |            |               |
| "Тағам" АҚ                              | USD          | 15.12.00   | 1 847 614,55  |
| "Отель Астана" БК ААҚ                   | USD          | 15.12.00   | 1 428 357,70  |
| "Кең дала" МАҚ                          | USD          | 15.12.00   | 11 407 390,93 |
| Барлығы                                 | EUR          |            | 4 189 178,78  |
|                                         | DM           |            | 262 547,28    |
|                                         | USD          |            | 17 288 796,83 |
| жалғасы                                 |              |            |               |
| Негізгі ! Пайыздар ! Басқалары<br>борыш |              |            |               |
| 833 537,44                              | 41 767,00    | 0,00       |               |
| 532 091,38                              | 206 008,05   | 0,00       |               |
| 2 111 290,91                            | 464 484,00   | 0,00       |               |
| 262 547,28                              | 0,00         | 0,00       |               |
| 1 023 492,32                            | 1 135 713,92 | 446 227,41 |               |
| 1 651 268,86                            | 186 345,69   | 10 000,00  |               |
| 1 012 712,00                            | 415 645,70   | 0,00       |               |
| 9 757 390,93                            | 1 650 000,00 | 0,00       |               |
| 3 476 919,73                            | 712 259,05   | 0,00       |               |
| 262 547,28                              | 0,00         | 0,00       |               |
| 13 444 864,11                           | 3 387 705,31 | 456 227,41 |               |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 28 желтоқсандағы  
N 1911 қаулысына

## 2-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес  
сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі мерзімі өткен төлемдердің  
Сомасы

| Заемшы ұйым           | ! Төлем ! | Төлем !  | Төлем        |
|-----------------------|-----------|----------|--------------|
| ! валютасы !          | күні !    | сомасы   |              |
| Германия несие желісі |           |          |              |
| ҚР ИМ ҚАЖД            | EUR       | 01.08.00 | 1 394,38     |
| "Екібастұзкөмір" МАҚ  | EUR       | 01.08.00 | 514,82       |
| "Екібастұзкөмір" МАҚ  | DM        | 23.09.00 | 27 047,44    |
| "Екібастұзкөмір" МАҚ  | EUR       | 02.10.00 | 2 384,63     |
| "Қазақтелеком" ААҚ    | DM        | 30.06.00 | 6 415 994,90 |
| "Қазақтелеком" ААҚ    | DM        | 15.08.00 | 411 011,52   |
| "Қазақтелеком" ААҚ    | DM        | 18.08.00 | 628 759,07   |
| Израиль несие желісі  |           |          |              |
| "Конденсат" АҚ        | USD       | 01.11.00 | 10 760,43    |
| Канада несие желісі   |           |          |              |
| "Конденсат" АҚ        | USD       | 15.11.00 | 9 802,67     |
| Франция несие желісі  |           |          |              |
| "Батыс" ААҚ           | EUR       | 19.10.00 | 16 557,07    |
| Барлығы               | EUR       |          | 20 850,90    |
|                       | DM        |          | 7 482 812,93 |

USD 20 563,10

---

жалғасы

---

| Негізгі<br>борыш | ! | Пайыздар | ! | Басқалары |
|------------------|---|----------|---|-----------|
|------------------|---|----------|---|-----------|

---

|              |      |           |
|--------------|------|-----------|
| 0,00         | 0,00 | 1 394,38  |
| 0,00         | 0,00 | 514,82    |
| 27 047,44    | 0,00 | 0,00      |
| 0,00         | 0,00 | 2 384,63  |
| 6 354 574,60 | 0,00 | 61 420,30 |
| 411 011,52   | 0,00 | 0,00      |
| 628 759,07   | 0,00 | 0,00      |

---

|      |           |      |
|------|-----------|------|
| 0,00 | 10 760,43 | 0,00 |
|------|-----------|------|

---

|              |           |           |
|--------------|-----------|-----------|
| 0,00         | 5 920,11  | 3 882,56  |
| 0,00         | 16 557,07 | 0,00      |
| 0,00         | 16 557,07 | 4 293,83  |
| 7 421 392,63 | 0,00      | 61 420,30 |
| 0,00         | 16 680,54 | 3 882,56  |

---

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.